


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» ММ

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТИОБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТИОБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТОБЕ»

ПРИКАЗ

БҰЙРЫҚ

2025 жылғы « 27 » тамыз
Ақтөбе қ.

№ 394

« 27 » августа 2025 года
г. Актобе

*Білім, тәрбие беру ұйымдарының
эксперименттік және инновациялық
жұмыстарын, қосымша білім беру
бағдарламаларын енгізу, жалғастыру,
тоқтату, оқу кабинеттерін паспорттау туралы*

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығымен енгізілген өзгерістер), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 27 маусымдағы №161, 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» үйлестіру мақсатында, қалалық сараптамалық кеңестің 2025 жылғы 27 тамыз №1 хаттамасы негізінде, қала мектептерінің оқу кабинеттерін дайындап, олардың білім беру стандарттарының талабына сәйкес дайындалып, оқу кабинеттерінің оқу-

әдістемелік талаптарының негізгі бағыттарына сай қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім беру ұйымдары басшыларына: бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру кластарында (1-11 кластар) оқу үрдісі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының (2025 жылғы 5 маусымдағы №2 хаттама) 2025-2026 оқу жылында жалпы орта білім беретін ұйымдарда ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты негізінде ұйымдастырылып жүргізілсін.

2. Бекітілсін, рұқсат етілсін, жалғастырылсын, тоқтатылсын:

2.1. Мектеп режимі, тәжірибе-эксперименттік, апробациялық жұмыстар, педагогикалық зертхана, шеберхана, шебер-кластар, элективті курстар бағдарламалары (№1 қосымша);

2.2. Мектепке дейінгі білім беру бойынша бағдарламалары (№2 қосымша);

2.3. Қосымша білім беру бағдарламалары (№3 қосымша);

3. Қала мектептерінің оқу кабинеттері білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес паспортталсын, жалғастырылсын, тоқтатылсын (№4 қосымша).

4. Қосымша ақылы білім беру бағдарламалары (№5 қосымша)

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің жалпы орта және мектепке дейінгі білім беру секторының меңгерушісі Г.Алдиярова және «BILIM QAZYNA» КММ директоры А.Сүлейменоваға жүктелсін.

Ақтөбе қаласы
білім бөлімінің басшысы:



М.Косымбаева

I. Рұқсат етілсін:

1.1. Педагогикалық, шебер-класс, шығармашылық шеберханалар мен зертханалар жұмыстары ашылсын:

Балабақша атауы	Атауы	Тақырыбы	Деңгейі	Кімге арналған
№14 «Қонжық» бөбекжай – балабақшасы	Шебер -класс	«Балабақшадағы ертегілермен жұмыстың интерактивті түрлері»	Қалалық	Педагогтарға
№32 «Қуаныш» балабақшасы	Шығармашылық зертхана	«Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие арқылы еңбекке баулу»	қалалық	Ересек топтары
№32 «Қуаныш» балабақшасы	Эксперименттік алаң	«Кванториум: мектеп жасына дейінгі балаларға арналған инновациялық білім беру алаңы»	қалалық	Ересек, мектепалды топтары
МКҚК №44 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы	Зертхана	"Сәндік - қолданбалы өнер түрлері арқылы балалардың шығармашылығын дамыту, ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу"-	қалалық	Ересек топ

1.2. Вариативті бағдарламалар:

Балабақша атауы	Тақырыбы	Топ жасы	Сағат саны
№ 2 «Бұлбұл» балабақшасы	«Любознайка»	Мектепалды тобы	36 сағат
№ 2 «Бұлбұл» балабақшасы	«Умники и умницы»	Ересек тобы	36 сағат
№ 2 «Бұлбұл» балабақшасы	«Крепыш»	Ересек тобы	36 сағат
№4 «Көктем» МДҰ	Сықырлытриз	3-4-5 жас	36 сағат
№4 «Көктем» МДҰ	Ертегіелінде	5 жас	36 сағат
№4 «Көктем» МДҰ	Волшебство казахского орнамента	3-4-5 жас	36 сағат
№4 «Көктем» МДҰ	Шах және мат	5 жас	36 сағат
МКҚК №7 «Арман» бөбекжай-балабақшасы	«Табиғат- біздің досымыз»	3 жас	36
МКҚК №7 «Арман» бөбекжай-балабақшасы	«Гүлдер әлемі»	4 жас	36
МКҚК №7 «Арман» бөбекжай-балабақшасы	«Қоршаған ортам – асыл қазынам»	5 жас	36
МКҚК №7 «Арман» бөбекжай-	«Жас зерттеушілер»	5 жас	36

балабақшасы			
МКҚК №7 «Арман» бөбекжай-балабақшасы	«Беречь природу с юных лет»	5 жас	36
№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы МКҚК	«Табиғат және балабақша»	Ортаңғы топ	36
№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы МКҚК	«Ізденімпаз балақай»	Ересек топ	36
№9 «Бәйшешек» бөбекжай-балабақшасы	«Ұлттық ойындар әлемінде»	Ортаңғы топ	36 сағат
№9 «Бәйшешек» бөбекжай-балабақшасы	«Қауіпсіз мектебі»	Ересек топ	36 сағат
№9 «Бәйшешек» бөбекжай-балабақшасы	«Табиғат тіршілік аясы»	Мектепалды топ	36 сағат
№9 «Бәйшешек» бөбекжай-балабақшасы	«Қауіпсіздік – бала қорғаны»	Мектепалды топ	36 сағат
№14 «Қонжық» бөбекжай – балабақшасы	“Қызықты логика әлемі”	4-5 жас	36
№14 «Қонжық» бөбекжай – балабақшасы	«Волшебное перо»	4-5 жас	36
№16 «Аққайың» бөбекжай-балабақшасы МКҚК	«Қол еңбегі»	3 жас	36
№16 «Аққайың» бөбекжай-балабақшасы МКҚК	«Менің сүйікті ертегім»	4 жас	36
№16 «Аққайың» бөбекжай-балабақшасы МКҚК	«Бағдаршаммен дос боламыз»	5 жас	36
№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы	Мен қазақстанда тұрамын 4-5 жас	Ересек тобы	36 сағат
№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы	«Волшебные звуки музыки»- для детей младшего возраста	Кіші топ	36 сағат
№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы	Чудесные превращения теста	Кіші топ	36 сағат
№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы	«Болашақ қаласы»	Мектепалды тобы	36 сағат
№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы	«Белгісіз жақын жерде»	Мектепалды тобы	72 сағат
№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы	«Степ- көңіл-күй мен энергия көзі»	Ересек топ	36 сағат
№20 «Дидар» балабақшасы	«Ойлан, тап!»	3 жас	36 сағат
МКҚК №21 «Кәусарбұлақ» бөбекжай балабақшасы	«Қуан, шаттан, балақай»»	3 жас	36
МКҚК №21 «Кәусарбұлақ» бөбекжай балабақшасы	«Өнерлі екен он саусак»	3 жас	36
МКҚК №21 «Кәусарбұлақ» бөбекжай балабақшасы	«Сиқырлы ермексаз»	4 жас	36
МКҚК №21 «Кәусарбұлақ» бөбекжай балабақшасы	«Екінші өмір сыйлаймыз»»	4 жас	36
МКҚК №21 «Кәусарбұлақ» бөбекжай балабақшасы	«Әлеппен өскен өрнекті бала»	4 жас	36
МКҚК №21 «Кәусарбұлақ» бөбекжай балабақшасы	«Оригами»	5 жас	36

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
№17 «ШҰҒЫЛА» БӨБЕКЖАЙ- БАЛАБАҚШАСЫ МКҚК

«Ақтөбе қаласының білім бөлімінің» ММ

2025 жылғы «27» 08

№ 394 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



«Белгісіз жақын жерде» бағдарламасы
(Ересек, мектепалды топ балаларына арналған)

Ақтөбе 2025ж.

«Белгісіз жақын жерде» бағдарламасының негізі: Әмірова К.Ш. «Мектепке дейінгі балалардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру» – Астана: Назарбаев Университеті баспасы, 2021 жылғы еңбегі сүйене отырып жасалды.

Құрастырғандар: Серікқызы А, Абуовна Б.А – Ақтөбе қаласы №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы № 7 «Еретегі» мектепалды тобының тәрбиешілері.

№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңес отырысында «Белгісіз жақын жерде» вариативтік бағдарламасы талқыланды және бекітілді

Хаттама № 1

«25» тамыз 2025 жыл

№ 17 « Шұғыла»

бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі



Д.Н.Жетилгенова

Қалалық сараптама комиссияның отырысында отырысында «Белгісіз жақын жерде» вариативтік бағдарламасы мақұлданды

№ 1 хаттама

«27» 08 2025 жыл



Сараптау комиссиясы төрағасы

М.Косымбаева

(қолы)

№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілері
Тукбаева Бибигул Абуовна мен Серікқызы Ақнұрдың
«Белгісіз жақын жерде» атты бағдарламасына

ПІКІР

Ұсынылған вариативтік бағдарлама – мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қызығушылығын жансыз табиғат арқылы дамытуға бағытталған кешенді, ғылыми және практикалық тұрғыдан негізделген еңбек. **Бағдарламаның төмендегідей артықшылықтары бар.**

1. **Ғылыми-әдістемелік негіздеме мықты** – бағдарламада балалардың жас ерекшеліктері, танымдық даму заңдылықтары ескеріліп, психология және педагогика ғылымының негізгі қағидаларын негізге алған.
 2. **Мазмұны құрылымды әрі жүйелі** – бірінші және екінші оқу жылына қойылған нақты мақсат-міндеттер, күтілетін нәтижелер және іске асыру жолдары жақсы сипатталған.
 3. **Тәжірибе мен ойынның үйлесімділігі** – балалардың дербестігін, шығармашылығын және зерттеушілік қабілетін дамытатын тәжірибелер, ойын-эксперименттер өте орынды ұсынылған.
 4. **Қолданылатын әдіс-тәсілдердің әртүрлілігі** – дәстүрлі, инновациялық, ТРИЗ, мнемотехника, мультимедиялық технологиялар қамтылған.
 5. **Қауіпсіздік пен тәрбиелік аспектілері ескерілген** – тәжірибелердің балаларға қауіпсіздігі мен олардың қоршаған ортаға құндылықтық қатынасын қалыптастыру да назардан тыс қалмаған.
 6. **Балалардың қызығушылығын оятуға бағытталған** – әрбір әрекеттің қызықты болуы, тосын сый элементтерінің қосылуы – балалардың танымдық мотивациясын арттыруда маңызды.
- Бағдарламаның тәжірибелік бөлімі өте кең әрі жан-жақты, дегенмен практикалық тапсырмалар мен нақты тәжірибелер тізімі картотека немесе қосымша ретінде жүйеленсе, қолдану ыңғайлы болар еді.
 - Ата-аналармен жұмысты күшейту мақсатында арнайы тарау қосу ұсынылады – мысалы: «Ата-аналармен тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру жолдары».
 - Бағдарламаның тиімділігін бағалау құралдарын (бақылау парақтары, диагностика, бағалау критерийлері) нақтылау пайдалы болар еді.

Мәтін мазмұны — мектепке дейінгі білім беру саласына қосылған маңызды үлес, балалардың табиғи қызығушылығын сақтау мен дамытуға бағытталған заманауи, дамытушы бағдарлама. Ол педагогикалық практикада кеңінен қолдануға лайық. Бағдарламаның ғылыми-практикалық негізі мықты, құрылымы жүйелі, тілі түсінікті және қазіргі заман талаптарына сай келеді.

Бұл материал балабақша педагогтары үшін әдістемелік құрал ретінде жоғары деңгейде жазылған. Ол балалардың танымдық қызығушылығын жансыз табиғат нысандары арқылы тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Бағдарлама педагогикалық практикада нақты қолданысқа еніп, тиімді нәтижелер беруі әбден мүмкін.

Пікір беруші:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті, п.ғ.к.,



М.Б. Утепов

ТҮСІНІК ХАТ

«Белгісіз жақын жерде» вариативтік бағдарламасы 72 сағатқа есептелген, аптасына бір рет өткізіледі. Әрбір ҰІ-Ә 2 сағаттан тұрады. Ойын түрінде эксперименттік жұмыстарымен қызықты әрі қолжетімді форматта жүргізіледі.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың танымдық қызығушылығын жансыз табиғатпен тәжірибелік әрекет барысында дамыту.

Өзектілігі:

Міндеті: Заттардың қасиеттері туралы түсініктерін дамыту; Ойын-тәжірибелерді жүргізу барысында көмекші құралдарды қолдануға үйрету; Табиғаттың эстетикалық құндылығын қабылдау қабілетін дамыту және алған әсерлерін шығармашылықта бейнелеуге үйрету; Тәжірибелер жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Элементарлық тәжірибелерді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру және алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасай білуге үйрету; Коммуникативтілікті, дербестікті, байқағыштықты, өз әрекеттерін элементарлық деңгейде бақылауды дамыту; Балаларды, тексеруге, растауға және қорытынды жасауға үйрету.

Бағдарлама бойынша тәрбиеленушілер нені меңгеру керек:

Күтілетін нәтиже: Заттардың әртүрлі қасиеттері туралы түсініктері бар (қаттылық, жұмсақтық, сусымалылық, жабысқақтық, қалқып жүру, еру). Негізгі құбылыстар туралы түсініктері бар (жарықтың шағылуы, сынуы, магниттік тартылыс). Орта факторлары туралы түсініктері бар (жарық, ауа температурасы, судың әртүрлі күйге ауысуы, ауа, топырақ). Су мен ауаның адам өміріндегі маңызы туралы түсініктері бар. Топырақтың қасиеттері және оның құрамына кіретін құм мен саз туралы түсініктері бар. Физикалық тәжірибелер жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау тәжірибесі қалыптасқан. Қоршаған ортаға эмоционалды-құндылық қатынасын көрсетеді. Қызығушылықты қиялды және елестетуді білдіреді. Элементарлық тәжірибелерді ұйымдастыру дағдылары бар және алынған нәтижелер негізінде гипотезаны ұсыну, тексеру, растау және қорытынды жасауға қабілетті.

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

5 жас (мектепалды топтар үшін) (аптасына 2 рет)

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Су қандай болады? (сұйықтық қасиетімен танысу)	2
2	Ауа бар ма? Оны қалай көреміз?	2
3	Мұз және су: өзгеріс неге болады?	2
4	Жеңіл және ауыр заттар	2
5	Жел қайдан соғады? (желмен тәжірибе)	2
6	Жарық пен көлеңке	2
7	Түстер қалай пайда болады? (түс сыну тәжірибесі)	2
8	Дыбыс қалай естіледі? (қарапайым акустика)	2
9	Құммен не істеуге болады? (құрғақ және дымқыл құм)	2
10	Саз – жұмсақ па, қатты ма?	2
11	Тастың түрлері (ауыр-жеңіл, тегіс-қатпарлы)	2
12	Жапырақтар неге түс өзгертеді?	2
13	Су өсімдіктері тіршілік ете ме?	2
14	Тұқымнан не өседі? (бұршақ, бидай егу)	2
15	Топырақта не бар? (үлкейткіш әйнекпен қарау)	2
16	Шөп пен судың досы кім?	2
17	Сабын көбігі қалай пайда болады?	2
18	Суға бататын және батпайтын заттар	2
19	Жеміс пен көкөністегі шырын	2
20	Қант пен тұз суда ери ме?	2
21	Ауа шарларын не көтереді?	2
22	Түстер араласа ма? (бояу тәжірибесі)	2
23	Қанша иіс бар? (дәм мен иісті тану)	2
24	Күн мен көлеңке қалай қозғалады?	2
25	Судың үш күйі	2
26	Көпіршік қайдан шығады?	2
27	Қағаз неге суланады?	2
28	Заттар қалай өзгереді? (жылыту, мұздату)	2
29	Микроәлемге саяхат (үлкейткішпен бақылау)	2
30	Ауаның күші бар ма?	2
31	Түстер мен жарық ойыны	2
32	Бумен тәжірибе	2
33	Табиғаттағы дыбыстар	2
34	Өз тәжірибемді көрсетемін (балалардың өз жобасы)	2
35	Қызықты сұрақ – қызықты жауап (топтық рефлексия)	2
36	Біз – кішкентай зерттеушіміз! (қорытынды, марапаттау)	2
Барлығы: 72 сағат		

жест

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

1. **Су қандай болады?** Балалар судың түссіз, иіссіз, пішінсіз екенін зерттейді. Түрлі ыдысқа құю арқылы пішінге бейімділігін байқайды.
2. **Ауа бар ма?** Оны қалай көреміз? Ауаны көру қиын, бірақ сезуге болады (үрлеу, желпу, қағаз ұшыру арқылы). Балалар ауаның бар екенін тәжірибе арқылы ұғынады.
3. **Мұз және су:** өзгеріс неге болады? Балалар судың мұзға, мұздың суға айналуы (еру мен қату процесі) арқылы заттың күй өзгерісін бақылайды.
4. **Жеңіл және ауыр заттар:** Балалар түрлі заттарды қолмен ұстап, таразыға салып, салыстырып, олардың салмағын сезініп үйренеді.
5. **Жел қайдан соғады?** Қағаз, желпуіш, ауа үрлеу арқылы балалар жел қозғалысын түсініп, ауаның қозғалыста екенін көреді.
6. **Жарық пен көлеңке.** Шам және күн сәулесімен тәжірибе жасап, жарық түскенде көлеңкенің пайда болатынын, оның пішінін өзгертуге болатынын байқау.
7. **Түстер қалай пайда болады?** Призма, су мен айна арқылы жарықтың таралуын, кемпірқосақ түстерін бақылау. Түс сыну құбылысы таныстырылады.
8. **Дыбыс қалай естіледі?** Түрлі заттармен дыбыс шығарып, есту арқылы ажырату. Дыбыстың діріл арқылы таралатынын қарапайым мысалдармен түсіну.
9. **Құммен не істеуге болады?** Құрғақ және дымқыл құммен тәжірибе жасау: құю, пішін жасау, су сіңіргіштік қасиетін анықтау.
10. **Саз – жұмсақ па, қатты ма?** Саздың серпімділігі мен пішінге көнгіштігін зерттеу. Құрғағанда қатайып қалатынын бақылау.
11. **Тастың түрлері (ауыр-жеңіл, тегіс-қатпарлы)** Балалар әртүрлі тастарды бақылап, пішіні, түсі, салмағы, бетінің сипауы бойынша салыстырады. Табиғаттағы тастардың әртүрлі болатынын түсінеді.
12. **Жапырақтар неге түс өзгертеді?** Жапырақтарды күзде неге сарғаятынын бақылау. Түрлі жапырақтарды жинап, салыстыру, кептіріп зерттеу.
13. **Су өсімдіктері тіршілік ете ме?** Балалар суға салынған өсімдіктің өсіп-жетілетінін бақылайды. Оттегі бөлуін бақылау (су өсімдігі аквариумда):
14. **Тұқымнан не өседі?** Бұршақ немесе бидай егіп, оның күн сайын қалай өсетінін бақылау. Өсу үшін не қажет екенін (жылу, су, жарық) түсіну.
15. **Топырақта не бар?** Топырақты үлкейткіш әйнекпен бақылау. Құрамын зерттеу (құм, шірінді, тас, құрт). Балалар топырақ тіршілікке қажет екенін ұғынады.
16. **Шөп пен судың досы кім?** Шөпке су құйғанда қалай өзгертетінін бақылау. Құрғақ және суарылған өсімдікті салыстыру. Судың маңызын түсіну.
17. **Сабын көбігі қалай пайда болады?** Сабынды сумен араластырып, көбіктің пайда болуын бақылау. Неліктен кейде көп, кейде аз көбіктенетінін зерттеу.

18. **Суға бататын және батпайтын заттар.** Балалар әртүрлі заттарды суға салып, бата ма, әлде қалқып тұра ма – соны тәжірибе арқылы анықтайды.
19. **Жеміс пен көкөністегі шырын.** Жеміс-көкөністерден шырын шығарып көру (сығу, езу). Қайсысы шырынды екенін ажырату, иісін, дәмін сезіну.
20. **Қант пен тұз суда ери ме?** Қант пен тұзды суға салып, еріту. Қайсысы тез еритінін бақылау. Ерітінді ұғымына алғашқы қадам.
21. **Ауа шарларын не көтереді?** Ауа шары неге ұшады? Ішінде не бар екенін талқылау (ауа, гелий). Шарды үрлеу арқылы ауа қысымын сезіну.
22. **Түстер араласа ма?** Негізгі түстерді араластырып, жаңа түс шығару (қызыл + сары = қызғылт). Бояумен тәжірибе.
23. **Қанша иіс бар?** Жеміс, шөп, гүл, дәмдеуіш иістерін иіскеп тану. Жабулы көзбен иіс арқылы затты табу ойыны.
24. **Күн мен көлеңке қалай қозғалады?** Күн сәулесінің бағытына қарай көлеңкенің өзгеруін бақылау. Таңертеңгі және түстегі көлеңке айырмашылығы.
25. **Судың үш күйі.** Су – сұйық, мұз – қатты, бу – газ екенін тәжірибе арқылы көрсету. Қарапайым жылыту/мұздату арқылы бақылау.
26. **Көпіршік қайдан шығады?** Сабын көпіршігінің не себепті дөңгелек болатынын, қалай ұшатынын бақылау. Ойын арқылы көңілді тәжірибе.
27. **Қағаз неге суланады?** Қағазға су тигенде не болатынын көру. Су сіңіру қасиетін басқа материалдармен салыстыру.
28. **Заттар қалай өзгереді?** Жылыту (жұмсақ май), мұздату (су, шырын), кептіру (ылғалды мата) арқылы заттардың күйін өзгерту.
29. **Микроәлемге саяхат.** Үлкейткіш әйнекпен жапырақ, топырақ, судағы ұсақ заттарды бақылау. Микроәлемге қызығушылық ояту.
30. **Ауаның күші бар ма?** Шар үрлеп жару, қағаз ұшыру арқылы ауаның күшін сезіну. Ауа – көрінбейді, бірақ әсері бар екенін түсіну.
31. **Түстер мен жарық ойыны.** Түрлі түсті жарықтармен тәжірибе (фонарик, сүзгі пленка), көлеңке мен жарық ойынын бақылау.
32. **Бумен тәжірибе:** Кипящая су, жабық банка, айнаның булануы арқылы бу ұғымын түсіндіру. Жылы мен суықтың әсерін байқау.
33. **Табиғаттағы дыбыстар.** Жел, жаңбыр, құс, жануар дыбыстарын тыңдау, ажырату. Табиғи дыбыстарды жасандымен салыстыру.
34. **Өз тәжірибемді көрсетемін.** Балалар өздері үйде немесе топта жасаған қарапайым тәжірибені таныстырады. Бұл шығармашылық және сенімділік дамытуға бағытталады.
35. **Қызықты сұрақ – қызықты жауап.** Сабақтарда алынған білімдерді сұрақ-жауап ойыны арқылы пысықтау. Балалардың логикалық ойлауын дамыту.
36. **Біз – кішкентай зерттеушіміз!** Бағдарламаның қорытынды сабағы. Балаларды марапаттау, фотосессия, көрме ұйымдастыру. Танымға деген қызығушылығын қолдау.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» – Астана: 2022.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына арналған оқу бағдарламасы» (3–6 жас) – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2021.
3. Жұмабекова Ф.Т. «Танымдық дамыту бағдарламалары: мазмұны мен әдістемесі» – Алматы: Білім, 2020.
4. Тұрғынбаева Б.А. «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары» – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
5. Әмірова К.Ш. «Мектепке дейінгі балалардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру» – Астана: Назарбаев Университеті баспасы, 2021.

Қосымша әдебиеттер:

1. Құлжанова Н. «Балалар психологиясы және шығармашылық тәрбие» – Алматы: Ана тілі, 2018.
2. Сатыбалдиева Г. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық тәрбиесі» – Тәрбие сағаты журналы, №3, 2020.
3. Мусина Б. «Оқытудың вариативті әдістері мен тәсілдері» – Мектепке дейінгі білім журналы, №2, 2021.
4. Балаларға арналған танымдық, экологиялық, зерттеу элементтері бар оқу-ойын құралдары – [www.balabaksha.kz](<http://www.balabaksha.kz>), [www.ertekiler.kz](<http://www.ertekiler.kz>)
5. UNESCO. «Early Childhood Education: Learning through Exploration» – Paris, 2020.

Handwritten signature